



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№17 (1975) 19 МАМЫР 2025 ЖЫЛ

ҚазҰУ қалашығы құлпырып тұр

2021 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансәйіт Түймебаевтың бастамасымен қалашықта «Ағаштар аллеясы» ашылған болатын. Сондай-ақ «Жастар саябағы» және «Ғалымдар бағы» бой көтеріп, түрлі жеміс ағаштары отырғызылды.



Нәтижесінде бүгінгі таңда 400-ден астам алма ағашы, 50-

ге жуық шие ағашы, 30 өрік ағашы, 20 алхоры, алмұрт және

басқа ағаштар түйіндеп, жеміс сала бастады.

Сондай-ақ төрт жыл бұрын егілген сакура ағашы биыл алғаш рет гүл ашып, ҚазҰУ-лықтарды қуантып отыр.

Бұдан бөлек, 15 мыңға жуық жаздық гүлдер егіліп, көпшілік көзайымына айналды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Көрсеткіштерді жақсарту басты назарда

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға ЕАЭО және QS жаһандық үкіметі елдеріндегі клиенттермен әріптестік жөніндегі өңірлік директоры Сергей Христовлюбов жұмыс сапарымен келіп, университет басшылығымен кездесіп, білім ордасының инфрақұрылымымен танысты.

Сергей Христовлюбов ҚазҰУ өңірдің жетекші жоғары оқу орындарының «лигасында» ерекше орын алатынын айтып, университетте әлемнің басқа да жоғары оқу орындарында енгізуге болатын көптеген әзірлемелер, озық тәжірибелер мен бірегей тәжірибелер бар екенін атап өтті.

«Біз ҚазҰУ сияқты жоғары оқу орындарының үздік тәжірибесіне сүйенеміз, университеттің орнықты даму, түлектерді жұмысқа орналастыру және басқа технологиялар саласындағы жетістіктері туралы Орталық Азия мен алыс шетелдердің жоғары оқу орындарынан білдік. 2026 жылдың жаңа рейтингін шығару қарсаңында осы кездесуде университет 2025 жылдың соңғы рейтингтік кезеңінде қандай нәтижелі жұмыс атқарғаны туралы пікір алмасуды ұсынамын», – деді Сергей Христовлюбов.

Бұдан әрі спикер QS рейтингінің түлектердің жетістіктері, халықаралық ғылыми ынтымақтастықтар индексі және орнықты даму мақсаттары сияқты жаңа үш индикаторының пайда болғанын айтты. Спикер ҚазҰУ-дың бұл

индекстермен де дұрыс жұмыс істеуді үйренгенін тілге тиек етті.


Өткен жылдың сөзсіз жетістігі – ҚазҰУ-дың рейтингте 163-орынға ие болуы. Академиялық беделі бойынша ЖОО 146-орынды, жұмыс берушілер арасындағы беделі бойынша – 77-ші позицияға жетті, яғни әлемнің үздік 100 жоғары оқу орнының қатарына кірді. Осылайша университеттің беделі оның жалпы ұстанымынан асып түсуде. «Жетістіктердің ішінде оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы бойынша 33-орынды атап өтуге болады. Сонымен қатар екі жыл қатарынан ҚазҰУ Азияның үздік 30 жоғары оқу орнының қатарына кіреді. Бұл жұмыстың артында әрқайсыңыздың үлесіңіз тұр», – деп атап өтті С.Христовлюбов.

Құрметті қонақ баяндаманың кезекті бөлігін университеттің болашақтағы көрсеткіштерін жақсартуға үлкен әлеуеті мен мүмкіндігі бар бағыттарға баса назар аудара отырып, пәндік рейтингтерді шолуға және талдауға арнады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

3-бет

Ғылыми-зерттеу орталықтары – тәжірибе алаңы



4-бет

Философия классиктерінен тәлім алған ұстаз



5-бет

ҚазҰУ-дың зияткерлік бренді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов бастаған делегация Қытайдың Үрімжі қаласына жұмыс сапарымен барды.

ҚазҰУ делегациясы алдымен «Қытай – Орталық Азия» білім министрлерінің бірінші жиналысына қатысты.

Іс-шараға ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП партия комитетінің хатшысы Ма Синжуй, ҚХР білім министрі Хуай Цзиньпэн, ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, «Орталық Азия – Қытай» механизмі хатшылығының бас хатшысы Сунь Вэйдун, ғалымдар мен белгілі сарапшылар жиналды.

Жиын барысында ҚазҰУ Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірге Қазақстан-Қытай элиталық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов Ұлыбританиядағы Эксетер университетінен келген делегациямен кездесу өткізді.

Жүздесу барысында проректор Эксетер университетінің халықаралық байланыс бөлімінің басшысы Рейчел Джонсқа ҚазҰУ туралы толық ақпарат беріп, университеттің шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми-білім беру кеңістігінде мол тәжірибесі барын атап өтті.

«Бүгінде ҚазҰУ Ұлыбританияның 11 университетімен әріптестік байланыс орнатқан. 2021-2024 жылдары ҚазҰУ-дың 10 докторанты және 25 оқытушысы Ұлыбритания университеттерінде өткен түрлі конференцияларға, біліктілікті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көрнекті тұлғаның, филология ғылымының докторы, профессор Алтай Аманжоловты еске алуға арналған «Аманжолов оқулары – 2025» II халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы өтті.

Ғылыми іс-шара көне қолжазбалар мен кітаптарды сақтап, зерттеумен қатар, түркология ғылымын дамытудың өзекті мәселелеріне және профессор Алтай Аманжоловтың ғылыми еңбектерін талдауға арналды.

Жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың м.а. Марғұлан Ибраимов ашты. Ол өз сөзінде түркі тілдерінің қалыптасу жүйесін, олардың тарихи өзгерістермен байланысын, сондай-ақ тіл реформаларының қазіргі қоғам үшін салдарын түсінудің маңыздылығына тоқталып, А.Аманжоловтың түркі тарихи-лингвистикалық мұрасын зерт-

«Бір жол – бір белдеу» бірлескен орталығы ашылады



инженерлік институтын құру жөніндегі келісімге қол қойды. Сондай-ақ оқу ордасы Сиань Цзяотун университетімен «Жібек жолы» университеттеріне арналған біріккен кітаптар шығару жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандум жасасты.

Сапар аясында ҚазҰУ проректоры Марғұлан Қасенұлы

Цзянсу педагогикалық университетінің ректорымен кездесу өткізіп, екіжақты ынтымақтастықты жандандыру жөнінде пікір алмасты.

Келіссөз нәтижесінде тараптар «Бір жол – бір белдеу» бірлескен орталығын ашуға, оқытушылар алмасуға уағдаласып, өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Ортақ жобалар іске асады



арттыру курстарына қатысып, тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ 2021-2024 жылдары білім ордасына Ұлыбританияның сегіз ғалымы келіп, дәріс оқыды. Алдағы уақытта да Ұлыбритания ЖОО-ларымен ынтымақтастықты жандандыруды көздеп отырмыз», – деді Еркін Дүйсенов.

Өз кезегінде Рейчел Джонс Эксетер университеті қолға алған жаңа жобалармен таныстырды. Сонымен қатар бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру туралы бастама қарастырылды.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Түркітану жайы сөз болды



теуге қосқан ғылыми-білім беру үлесін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ шарада Халықаралық түркі академиясының вице-президенті Асхат Кесікбаев, филология ғылымының докторы, Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университетінің профессоры Дусамат Құлмаматов (Өзбекстан, Ташкент қ.), филология ғылымының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түркология және алтайтану ФЗИ ат-

қарушы директоры Нұрсұлу Шаймерденова, филология ғылымының докторы, Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының профессоры Элеонора Сүлейменова, Фараби кітапханасының директоры Жадыра Арекенова және басқалар баяндама жасады.

Іс-шара аясында «Аманжолов оқулары – 2025» кітабының тұсаукесері өтті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Тиімді әріптестік байланыстар талқыланды

Қытайдың Линьи қаласындағы Сауда департаменті өкілдері ҚазҰУ-ға жұмыс сапары барысында оқу ордасының басшылығымен кездесіп, өзара тиімді әріптестік байланыстардың келешегін талқылады.

Делегацияны Басқарма мүшесі – қаржы-шаруашылық мәселелері және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор Әбдірахман Тасыбаев қарсы алды. Проректор құрметті қонақтарға ҚазҰУ-дың жетістіктерін таныстырды. Қазіргі уақытта ҚазҰУ қалашығының II даму кезеңі жүзеге асырылуда. Жобада жаңа оқу ғимараттарын, жатақханалар, ғылыми инфрақұрылым нысандарын салу көзделген. Өз сөзінде

проректор ҚазҰУ шетелдік әріптестермен, соның ішінде Линьи қаласының әкімшілігімен өзара тиімді ынтымақтастыққа мүдделі екенін айтты.

Қалалық партия комитетінің тұрақты мүшесі, қала әкімінің орынбасары, Ихи өзенінің жаңа ауданы партия комитетінің хатшысы Го Хуншуй ілтипат білдіргені үшін алғыс айтып, Линьи қаласы туралы мәлімет берді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылыми-білім беру саласында үлкен әлеуетке ие. Қытайлық қонақтар машина жасау, робототехника және жасанды интеллект саласындағы жаңа технологиялар трансферіне, сондай-ақ аталған сала үшін кадрлар даярлауға және бірлескен жобаларды іске асыруға ниетті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



45 жылдан кейінгі кездесу

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетін 45 жыл бұрын бітірген түлектер жиналып, қара шаңырақта бас қосты.

Олардың қатарында мемлекет және қоғам қайраткерлері, филология ғылымының докторлары, профессорлар, тіл мамандары, түрколог-ғалымдар бар.

Университетке арнайы келген түлектер ҚазҰУ мұражайымен, оқу орнына қойылған Орталық Азиядағы ең қуатты

суперкомпьютер кластерімен танысты. Сондай-ақ Жерді қашықтықтан зондтау орталығы мен бір кездері өздері тұрған №8 студенттер үйін аралады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында бой көтерген «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығында болып, шағын концерт пен деректі фильм тамашалады. Соңынан түлектер өз әсерлерімен бөлісіп, жылы қабылдағаны үшін университет ұжымына ризашылықтарын жеткізді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Экологиялық мәдениетті қалай қалыптастырамыз?



Сәуле ЕРЖАНОВА,
Қазақ әдебиеті және әдебиет
теориясы кафедрасының
профессоры, ф.ф.д.

Елімізде философия ғылымының қарқынды дамуына, бір жағынан, Мәскеу мен Ленинград қалаларында философия мамандығы бойынша арнайы даярланып келген қазақ жастарының легі болса, екінші жағынан, сол кездегі С.Киров атындағы ҚазМУ жанынан философия мамандарын даярлайтын бөлімнің ашылуы (1949 ж.) мен Ұлттық ғылым академиясы жанынан Философия және құқық институтының құрылуы (1958 ж.) тікелей себепкер болды. Бұл бет-алыс өз кезегінде Алматы қаласында үлкен кәсіби философиялық мектептердің топтасуына алып келді. Осы бастамамен қаруланған сол кезеңнің білікті жастары отандық философия ғылымының дамуына айтарлықтай өз үлестерін қоса білді. Солардың қатарында қазіргі ҚазҰУ профессоры, философия ғылымының докторы, танымы мол философ ханым Гүлжан Әбдіғалиева да бар еді.

Философия классиктерінен ТӘЛІМ АЛҒАН ҰСТАЗ



Ол өзінің ғылыми өмір жолын 1978-83 жж. С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философиялық-экономикалық факультетінің философия бөлімінде білім алудан бастаған-ды. Өркениет ойшылы Абай айтқандай, «Адамның адамшылығы – ұстаздан» және «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген сияқты қазақта мағыналы тәмсілдердің айтылуы тегін болмаса керек. Болашақ білікті маманның дайындалып, пісіп-жетілуіне көп жағдайда ұстаз қауымының үлесі зор. Сол кезеңдерде қазақ білімінің қара шаңырағының астында атақ-даңқтары әлемге танымал болған қазақстандық философия классиктері Ж.Әбділдин, А.Қасымжанов, Н.Сәрсенбаев, Қ.Рахматуллин, М.Әженов, О.Серікбаев, А.Қасабек, Б.Нұржанов, А.Келбұғанов, Ж.Молдабеков, Р.Сәрсенов сынды профессор-академиктер шәкірттеріне салиқалы, білікті тәлім беріп, Гүлкен де сол қайнардан сусындап, философиялық принциптермен қаруланып, оны өзінің өмірлік ұстанымына айналдыра алған еді. Университетті философия мамандығы бойынша 1983 жылы үздік бітіріп, алған білім-білігін жастарға үйрету мақсатымен жас маман ретінде Білім және ғылым министрлігінің арнайы жолдамасымен Талдықорған мемлекеттік университетіне ұстаздық қызметке жіберіледі.

1987 жылы ҚазМУ-дың Философия тарихы және логика кафедрасына қайта оралып, 1992 жылға дейін кафедра аспиранты бола жүріп, Әл-Фараби орталығының ғылыми қызметкері жұмысын қоса атқарады. Сол кездерден бастап, бүгінге дейін Гүлжан Қанайқызы ғылыми ізденіс аясын философия және саясаттану факультетімен тікелей байланыстырып, ғылыми шығармашылығы мен біліктілігін өрістете отырып, философия ғылымының табиғатына тереңірек бойлай түсіп, кафедра меңгерушісі, профессор дәрежесіне дейін жетті.

1996 жылы Ұлттық ғылым акаде-

миясының корреспондент-мүшесі, профессор А.Қасымжановтың тікелей жетекшілігімен ҚазҰУ ғылыми кеңесінде «Социальный идеал в контексте исторического сознания» тақырыбы бойынша кандидаттық, ал 2006 жылы философия ғылымының докторы, профессор Б.Нұржановтың кеңесшілігімен «Аксиологический дискурс в философии культуры» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын сәтті қорғаған Г.Әбдіғалиева шәкірт тәрбиелеуде де тынбай еңбектеніп, екі докторлық, бес кандидаттық диссертация, үш PhD жұмыстарына жетекшілік етті. Ол барлығы 180-нен астам ғылыми еңбектің, оның ішінде SCOPUS базасында бірнеше мақаланың, бес монография мен алты оқулықтың, он оқу құралының авторы атанды. Оның ғылым мен білім беру саласындағы тынымсыз сіңірген еңбегі мен қызметі мемлекет пен қоғам тарапынан жоғары бағаланып, ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен Қ.Сәтбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Күлтегін, Д.Қонаев, М.Әуезов сынды атаулы марапаттардың иегері атанды.

Сонымен қатар ол Әл-Фараби атындағы «ҚазҰУ-дың 80 жылдығына» арналған мерейтой медалі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін», «ҚР ғылымын дамытуға қосқан еңбегі үшін» төсбелгісі, «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Гүлжан Қанайқызы ҚР «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2011» грантын жеңіп алды.

Біз Гүлжан Қанайқызын танымы мол, кең пейілді философ, болмыс-бітімі зиялылық пен тектіліктің үлгісіне лайық, өмір мен ғылым жолында ақиқаттылықты берік ұстанған, жүрегі ізгіліктің мекеніне айналған тұлға ретінде ардақтаймыз. Еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз арта берсін!

**Лесхан АСҚАР,
Берік АТАШ,**

Философия кафедрасының
ұстаздары

ҚазҰУ-да еліміздің білім беру кеңістігінде ерекше орын алатын, мазмұны терең, бағыты айқын бірегей іс-шара – Оқу-әдістемелік бірлестіктің кеңейтілген мәжілісі өтті. «Менеджмент және мемлекеттік басқару білім беру бағдарламаларын дамытудың заманауи тәсілдері» тақырыбына арналған жиын жай ғана мамандар бас қосқан жиын емес, бұл заман талабына сай білім беру мазмұнын қайта зерделеудің, жаңа бағытқа бет бұрудың жарқын үлгісі болды.

Жиынға академиялық қауымдастықпен қатар, мемлекеттік басқару органдарының, жекеменшік сектордың, сарапшылық және ғылыми құрылымдардың өкілдері жиналды. Сөйтіп, барлығының көзқарасы бір мақсат – сапалы, заманауи басқарушыларды даярлау деген ортақ мүддеде тоғысты.

Алматы қаласы әкімдігі, Astana Motors, ID Group, КСЖ «Коммекс-Өмір», «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, IAAР секілді ұйымдар басқару білімінің өркендеуіне өз үндерін қосты. Аталған іс-шараны ұйымдастыруға Экономика және бизнес жоғары мектебінің Менеджмент кафедрасының ұжымы белсенді атсалысты. Кафедра мүшелерінің кәсіби біліктілігі мен жүйелі еңбегі жиынның жоғары деңгейде өтуіне негіз болды.

Бұл мәжіліс кафедра мен жұмыс берушілер арасындағы тұрақты байланыс пен өзара сенімді серіктестіктің жарқын дәлеліне айналды. Кафедра жылдар бойы академиялық орта мен практик мамандарды табысты тоғыстырып келеді.

Іс-шараны сапалы әрі мазмұнды деңгейде ұйымдастыруда ҚазҰУ базасындағы Оқу-әдістемелік бірлестіктің ғылыми хатшысы, филология ғылымының докторы, профессор А.Сырғақбаеваның кәсіби қолтаңбасы ерекше танылды. Білім беру саласындағы мол тәжірибесі, академиялық процестерді ұйымдастыру мен үйлестірудегі біліктілігі ар-

Басқару білімінің жаңа көкжиегі



қылы танылған профессор А.Сырғақбаева ОӘБ қызметін жүйелеуде және мазмұндық үйлесімділікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

Жиынның ерекше маңызға ие болған тұстарының бірі жұмыс беруші ұйым өкілдерінің белсенді қатысуы болды. Олардың қатарында ID Group ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Г.Шакирова, Astana Motors компаниясының IT-директоры Д.Медетбекова, «КСЖ» «Коммекс-Өмір» АҚ HR-директоры С.Избасова, сондай-ақ Алматы қаласы Даму орталығының талдау бөлімінің директоры Д.Құмарбеков бар.

Кәсіби мамандар өз салаларындағы практикалық тәжірибеге сүйене отырып, бүгінгі еңбек нарығы мен басқару жүйесінің нақты талаптарын айқындап, кадр даярлауда ескерілуі тиіс маңызды басымдықтарға назар аударды. Олардың баяндамаларында қазіргі заманғы ұйымдардағы басқарушылық трансформациялар, адам ресурстарын тиімді басқару, цифрлық ортадағы басқару құралдары, дерекке негізделген шешім қабылдау әдістері, сондай-ақ кадрлық тұрақтылық пен құндылықтарға негізделген корпоративтік мәдениет қалыптастыру сынды өзекті мәселелер қозғалды.

Бұл ұсыныстар мен ой-пайымдар білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруге, практикалық бағытты күшейтуге және кәсіби дағдыларды нақты еңбек нарығының сұранысына сай етуге үлкен серпін берді.

Әсіресе мемлекеттік басқарудағы аналитикалық тәсілдерді, практика мен теорияны ұштастыру

жолдарын, инновацияларды қолдану тетіктерін талқылау білім беру үдерісінің тек оқытумен шектелмей, болашақты болжай алатын интеллектуалдық құралға айналуы тиіс екенін айқын аңғартты. Бұл басқару саласындағы мамандарды даярлау тек пәндік шеңбермен шектелмей, жүйелі де кешенді модельге негізделуі қажет деген тұжырымды бекіте түсті.

Аталған мәжіліс оқу орны мен жұмыс беруші арасындағы байланысты тереңдеткен, білім мен тәжірибені тұтастандырған, теорияны нақты іспен ұштастырған кәсіби алаң ғана емес, сонымен қатар Оқу-әдістемелік бірлестік қызметінің аясында жүзеге асқан, білім сапасын жүйелі жетілдіруге бағытталған маңызды институционалдық қадам болды. Әр баяндамашы өз саласының білгірі, ал әр тыңдаушы осы жүйенің келешек кемелденуіне үлес қоса алатын тұлға екенін білдірді.

Жоғары білім – жай диплом беру емес, тұлға қалыптастыру. Ал басқару саласындағы тұлғалар – елдің ертеңін жасайтын шешім иелері. Демек, бұл мәжілістің маңызы – тек білім беру бағдарламаларын жетілдіру емес, ұлттың зияткерлік капиталына инвестиция салу.

Болашақ басқарушыларды тәрбиелеу – бұл жай ғана кадр даярлау емес, қоғамның даму бағытын айқындайтын, ұлттық дамудың діңгегін бекітетін миссия. Сол себепті мұндай жиындар практика мен білімді, ғылым мен технологияны, ел мүддесі мен заманауи талаптарды тоғыстыратын алтын көпірге айналуы қажет. Оқу-әдістемелік бірлестіктің бұл кеңейтілген мәжілісі сол алтын көпірдің берік қаланған тұғыры болды.

Ғалия ДӘУЛИЕВА,
Экономика және бизнес
жоғары мектебінің
деканы

**Гүлжиһан
СМАҒҰЛОВА,**
Менеджмент
кафедрасының
меңгерушісі



Абай ғылыми-зерттеу институты ҚазҰУ жанынан Ғылыми кеңес шешімімен 2009 жылы құрылды. Соңғы жылдары Абай ҒЗИ-да ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 3979/ҒФ4 «Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» (2015-2017) және АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» (2020-2022) атты гранттық ғылыми жобалары жүзеге асты.

Осы жобалар аясында 2015 жылдан бастап абайтану ғылыми саласында тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер мен бүгінгі күнге дейінгі жекелеген ғалымдардың еңбектері негізінде «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты көптомдық сериялық басылымының 50 томы жарық көрді. Сонымен қатар университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Түймебаевтың бас редакторлығымен 10 томдық «Абайтану антологиясы» жарық көрді.

«Абай институтының еңбектері» деген атаумен келесі көптомдық сериялық басылым жолға қойылды. Бұл серия бойынша 25 кітап жарық көрді. «Абай институтының электрондық басылымдары» сериялық көптомдықтың алғашқы 10 кітабы жарияланды.


Осылайша Абай ҒЗИ соңғы 15 жыл ішінде Қазақстандағы абайтану саласында бұрын-соңды болмаған жаңа ғылыми жетістіктерге қол жеткізді:

1) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында абайтану ғылымының тарихы турғыдан жүйеленіп, бірізге түсті. Жоғарыда аталған 50 томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» және 10 томдық «Абайтану антологиясы» – осының жарқын мысалы.

Бұған қоса, Абай ҒЗИ-да қазақстандық абайтануда баламасы жоқ инновациялық-креативті сипаттағы мынадай ғылыми-шығармашылық өнімдер жасалды:

2) «Абайдың Кісілік кодексі»: 19 бабтан тұратын, түрлі форматта дайындалған бұл креативті өнім – жаңа Қазақстанның әділетті қоғамының адал азаматының адамгершілік ұстанымдарының жиынтығы десек, артық емес. Бұған дейін абайтану

ҚазҰУ-дың зияткерлік бренді



ғылымында кодекс деген атау да, мұндай шығармашылық өнім де болған емес. «Абайдың Кісілік кодексі» – ҚазҰУ-дың адамзаттық мәні бар интеллектуалдық құндылығы.

3) «Абай ілімі» оқу пәні: пән ҚазҰУ-да жоғары оқу орындарының таңдау пәні ретінде 2021-22 оқу жылынан бастап оқытылып келеді, сараптаудан толық өтті. Пән теориялық-әдістемелік тұрғыдан оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілген, мазмұндық-құрылымдық моделі жасалған. «Абай ілімі» оқу пәнін Қазақстан жоғары оқу орындарында жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндері қатарында міндетті оқу пәні ретінде оқытудың мемлекеттік маңызы бар. «Абай ілімі» пәнінің әлеуметтік маңызы – біздің ұлт болып бірігуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылыққа негізделгенінде.

4) «Абай антологиясы» ашық е-ресурстар базасы: Абай институтының көптомдық сериялық басылымдары негізінде университеттің интеллектуалдық е-ресурстар базасы ретінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен ашылып, Фараби кітапханасының порталында орналастырылған бұл база қоғамның зияткерлік әлеуетінің артуына қызмет етеді. Бүкіл әлемдегі қазақтілді тұтынушыларға қолжетімді ашық база.

«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы, «Абай ілімі» оқу пәні, «Абайдың Кісілік кодексі» – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың адамзаттық бәрі үшін мәні зор зияткерлік мен-

шігіндегі құндылығы, зияткерлік бренді.

«Абай ілімі» оқу пәні, «Абайдың Кісілік кодексі» қоғамдық сананың жетілуі мен кемелденуіне, жастардың моральдық-адамгершілік құндылығының қалыптасуына, сақталуына, дамуына елдің интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға қызмет етеді. Профессор Ж.Дәдебаев айтқандай: «Абайдың Кісілік кодексін, Абайдың ілімін білмей-ақ ас ішіп, аяқ босатуға, жер басып, бел асуға болады, бірақ мынадай бір анық бар: Абайдың Кісілік кодексін, Абайдың ілімін білмей, кісі болатын жол жоқ».

Абай ҒЗИ-дың ресми веб-сайтында абайтану бойынша таңдамалы дәрістер, ҚазҰУ ардагер ұстаздары дәрістерінің алтын қоры, даналық сөздер, эсселер, электронды көрмелер, электронды кітаптар, ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған «ҚазҰУ – өз түлектерінің жүрегінде» көрмесі, «Ғылым таппай мақтанба» хабары т.б. көптеген интеллектуалдық-шығармашылық өнімдер бар. Жақында Абай ҒЗИ-да жасанды интеллектінің (ЖИ) көмегімен «Кісілік кодексі» бойынша жүзеге асырылған Абай Құнанбайұлының аудиожазбасы жасалды.

Абай институты қазір Абайдың шығармашылығын қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының тоғысында пәнаралық жүйеде іргелі зерттейтін зияткерлік әлеуеті қуатты ғылыми-зерттеу орталығына айналды.

Ләйла МҰСАЛЫ,
филология ғылымының
кандидаты, Абай ҒЗИ
доценті

Бүгін біз келешектің қамын күйттеп жүріп, өткеннің қалдырған қастерлі мұрасына көңіл аударып жатпаймыз. Кейде уақыт кеңістігінде біздің жан жарамызды емдейтін шипа көмкеріліп жатқандай елестейді. Сондай бір зымыраған күндердің бірінде Мұқағали Мақатаев атындағы сквер жанынан өтіп бара жатқанмын. Көздің шырайын қандыратын саябақтың сәнін көлтіріп тұрған ақиық ақын Мұқағалидың құрметіне орнатылған ескерткіш жанында бір топ адам құлақ құрышын қандырып өлең оқып жатқанын байқадым. Сөйтсем, бұл кісілер Мұқағалидың туған күніне орай, ақын шығармаларын жарыса оқып жатыр екен. Ағыны ерек ақпараттық күйбең заманның арасында осындай әдебиет жанашырларына, лирика ханзадасы Мұқағали Мақатаевтың адал оқырмандарына көзайым болдым. Ақынның сырлы туындысын, әуезді поэзиясын оқып тұрған өлеңсүйгіш жандардың әуезді үніне елтіп тұрғанда жәрмеңкеден алған көрзеңкемді де ұмытып кетіппін.

Қазақ лирикасының ханзадасы



Осындай көріністен жан дүниемнің әр талшығын шабыт бойлап, факультетте Мұқағали Мақатаевқа арнап іс-шара өткіземін деп шештім. Ескерткіш жанындағы адамдармен танысып, олардың ақын шығармашылығына сүйінспеншілігі қалай басталғанын, оның шығармасының философиясы жайлы көзқарасымен бөліссін деген ниетпен қонаққа шақырдым. Шараға студенттерді тарту мақсатында факультетіміздің 3-курс студенті Ақниет Мінажға ақиық ақынға арнау жазуды тапсырдым. Шараға басқа да жоғары курс студенттері белсене қатысты.

Кездесуге Айдын Мұхаметжан, Әбдірахман Белғожаев, Болат Аязбеков келді. Болат Аязбеков Ішкі істер министрлігінің зейнеткері екен. Қызметіне сай мінезінің қатаңдығына қарамастан, ақын шығармашылығына деген сүйіспеншілігі студенттерді таңғалдырды. Ол кісі Мұқағали Мақатаевпен бірнеше рет кездесіп, тіпті үйінде қонақ та болыпты. Ақын оның өз шығармашылығына қызығушылығын байқап, бірнеше кітабын тарту еткен көрінеді. Келесі бір қонағымыз Айдын Мұхаметжан Халықаралық жазушылар одағының мүшесі әрі Мұқағали Мақатаев атындағы төсбелгі иегері. Ол кісі дәстүрлі түрде жыл сайын ақынның туған күнінде басына барып, құран оқиды екен. Ақынға деген ерекше құрметін танытып, мұзбалақ ақынға арнаған бірнеше өлең жолдарын оқып, жүректерге керемет сезім тарту етті. Жазу өнері мен

стилі студенттер мен кеш қонақтарын тәнті қылды. Сонымен қатар Әбдірахман Белғожаев Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Республикалық «Сөз өнері» және «Балаларға базарлық» газеттерінің редакторы да біздің қонағымыз болды. Әдебиет саласының жанашыр өкілдерінің бірі ретінде өз қаламынан туған өлең шумақтарын оқып берді. Қонақтарымыз шара қатысушыларын рухани байытып кетті. Тіпті ақын құрметіне орай ұйымдастырған шарамыздың жақсы өткеніне тамсанып, шара барысы жайлы мақаламызды басылымында жариялауға ұсыныс білдірді.

Бұл кеш студенттерге ерекше көңіл күй, бойына жаңа тыныс сыйлады. Келешекте осы іспетті шараларды жиірек өткізуге ниет етіп отырмыз және келесі жылы жоғарыда құрметпен атап өткен қоғам белсенділерімен ақпанның 9-ы күні ақын ескерткіші маңында жүздесіп, студенттер және факультет ұстаздары болып ақын шығармаларын еске алу да ойда бар. Біздің өткізген іс-шарамыз жас ұрпаққа өнеге. Ұстаз деген қызметімізде тек білім беріп қоймай, студенттерімізді ұлттық құндылыққа баулып, отансүйгіштік қасиетін арттыруға жұмыс істесек қандай ғанибет. Сондай білікті ұстаздардан зиялы ұрпақ өсіп-өнетіні хақ.

Гүлнар КӘРІПБАЕВА,
Дипломатиялық аударма
кафедрасының аға
оқытушысы



В преддверии празднования 80-летия Великой Победы и Дня Защитника Отечества, в целях военно-патриотического воспитания школьной молодежи, на военной кафедре НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби», спланирован комплекс мероприятий, включающий в себя практические занятия военно-патриотической направленности, проводимой студентами со школьниками города Алматы.

Студенты военной кафедры в лицее «Арыстан»



образно студенты рассказали воспитанникам лицея о героях казахстанцах и тружениках тыла, о подвиге народа в борьбе с фашизмом. Большой раздел презентации был посвящен первому Министру обороны, герою Советского Союза, Халык Кахарманы №1 генералу армии Нурмагамбетову С.К., а также истории становления и развития Вооруженных Сил независимого Казахстана.

Вторая часть лектория была проведена в форме интеллектуальной викторины, где команды лицеистов соревновались в знании истории Великой Отечественной войны, истории Казахстана, подвигах героев казахстанцев, становления казахстанской армии.

Мероприятие завершилось вальсом лицеистов и студентов под неувядаемую мелодию «Майского вальса». Подводя итоги мероприятия заместитель начальника лицея полковник в отставке Д.Джанаев поблагодарил руководство и студентов военной кафедры за интересно проведенное мероприятие и выразил уверенность в дальнейшем тесном сотрудничестве.

Каиржан
ТУРЕЖАНОВ

целях дальнейшего тесного сотрудничества в вопросах военно-патриотического воспитания между Специализированным лицеем «Арыстан» и военной кафедрой НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» в торжественной обстановке был заключен «Меморандум о сотрудничестве».

После интересной экскурсии, когда студенты ознакомились с учебно-материальной базой лицея «Арыстан», посетили библиотеку, учебные аудитории и спортивный комплекс, в актовом зале лицея был проведен лекторий «Батыры земли казахской!».

В первой части лектория была показана тематическая презентация «Вклад Казахстана в Великую Победу!». Ярко и

Недавно на факультете химии и химической технологии КазНУ состоялась IX международная студенческая научно-практическая конференция «Химическая физика и наноматериалы». Целью конференции является стимулирование научно-исследовательской деятельности, раскрытие профессионально-личностного потенциала, творческих способностей, создание условий для самореализации и самоутверждения обучающихся. Организаторами конференции являются профессорско-преподавательский состав кафедры химической физики и материаловедения и молодые ученые РГП «Институт проблем горения» под руководством профессора Мансурова З.А.

Лучшие доклады отмечены дипломами

С приветственным словом к студентам-участникам конференции обратились зав.кафедрой химической физики и материаловедения к.х.н., доцент Тулепов М.А. и генеральный директор РГП «Институт проблем горения» к.х.н., профессор Надиров Р.К. С пленарным докладом на тему: «Состояние и перспективы развития нанонауки и нанотехнологии» выступил видный ученый в области нанотехнологии, награжденный медалью ЮНЕСКО «За вклад в развитие нанонауки и нанотехнологий» д.х.н., профессор Мансуров З.А. Пленарный доклад «Нанопористые углеродные материалы: современные методы получения и применение» представил известный молодой ученый в этой области, заведующий лабораторией «Функциональные наноматериалы» Института проблем горения PhD, доцент Павленко В.В.

В работе конференции с презентацией докладов выступили 47 обучающихся по

разным специальностям факультета: бакалавры, магистранты, докторанты. Лучшие доклады были отмечены дипломами I, II и III степени и денежным вознаграждением. Все студенты, представившие доклады на конференцию получили сертификат участника конференции. Материалы конференции были изданы в виде сборника тезисов докладов.

Таким образом, проведение ежегодных студенческих научных конференций помогает обучающимся формировать творческий, инновационный подход к пониманию профессиональной деятельности, развивать самостоятельность мышления и приобрести навыки публичного выступления, что позволяет повысить качество образования и востребованность наших выпускников.

Роза АБДУЛКАРИМОВА,

д.х.н., профессор
кафедры химической физики
и материаловедения

Преподаватели из Узбекистана в КазНУ

В апреле мы были рады принять делегацию преподавателей иностранных языков из Ташкентского государственного транспортного университета Узбекистана.



Состав делегации состоял из преподавателей английского и немецкого языков: Кушаков Юсуп Хайтбаевич, Харатова Шахло Хакимовна, Курбанова Махаббат Мамаджановна, Шералиева Шахноза Иркиновна, Халикова Латофат Уктамовна, Тулабоева Гулором Тулабоевна, Сайдалиева Дилфуза Жаиржановна, Юлдошева Мамаура Бахтияровна, Абдурахманова Зебо Юлдошевна, Курбанова Ильмира Шарифовна, Артиков Жасурбек Алишевич.

Основной целью их визита было ознакомление с методикой и технологиями преподавания английского и немецкого языка и обмен опытом с казахстанскими коллегами. Сейчас, когда английский язык в мире стал интернациональным языком общения в большинстве сфер человеческой деятельности и владение им превратилось в один из важнейших навыков, которым должен обладать специалист XXI века, обмен опытом и совершенствование знаний способствуют росту профессионального мас-

терства преподавателей иностранных языков в повышении качества обучения данным предметам в ВУЗе.

Нашим гостям было интересно все. За время пребывания в Алматы они провели ряд встреч с административным персоналом этих университетов и заведующими кафедрами. Их интересовали учебная программа преподавания иностранных языков, учебные планы, аудиторная и внеаудиторная работа, методы и приемы преподавания, методы контроля знаний, учебные материалы и т.д. Они посещали уроки и внеклассные мероприятия. Особый интерес у них вызвал посещение библиотеки университетов, так как фонд литературы оказывают значительное влияние на знания и успеваемость студентов. В свою очередь, узбекские коллеги интересно рассказали о своем университете, о факультетах и кафедрах, о целях и

методике преподавания английского языка.

В рамках программы обмена опыта, было проведено несколько мастер-классов узбекскими преподавателями по английскому и немецкому языку для казахстанских студентов.

Мы думаем, что члены делегации Узбекистана остались полностью удовлетворены результатами своего труда в период пребывания в Алматы, так как это было важное событие, которое дало им огромный заряд энергии, сил и оптимистическое настроение. Ими была проведена интенсивная и полезная работа. Все встречи прошли в атмосфере взаимопонимания и взаимовыгодного сотрудничества, которое будет плодотворным.

Жамиля ДОСМАГАМБЕТОВА,

зав.каф.
Айжан МУЛДАГАЛИЕВА,
доцент кафедры
иностраннх языков

Лекция о криогенике и устойчивой энергетике

В рамках педагогической практики на факультете физики и технологии Казахского национального университета имени аль-Фараби состоялась открытая лекция для студентов второго курса образовательной программы «Стандартизация и сертификация».

Мероприятие было организовано и проведено преподавателями кафедры теплофизики и технической физики. Тема лекции — «Будущее криогеники в устойчивых энергетических решениях» была выбрана с учётом актуальности современных экологических вызовов и стремления к повышению энергоэффективности.

В ходе лекции были рассмотрены:

- основные принципы криогенных технологий;
- их применение в энергетике и промышленности;
- роль криогенного захвата углерода (ССС) в снижении выбросов;

— примеры внедрения криогенных решений в различных странах.

Формат лекции включал презентацию на английском языке, интерактивное обсуждение и ответы на вопросы студентов. Участие в мероприятии приняли около 20 студентов. Лекция вызвала живой интерес и стала примером междисциплинарного подхода, объединяющего инженерные знания и вопросы устойчивого развития.

Проведение подобных мероприятий способствует формированию у студентов широкого взгляда на современные технологии, развивает критическое мышление и стимулирует профессиональную мотивацию.

Фотоматериалы и видеофрагменты лекции планируются к публикации на официальных страницах университета и кафедры.

Жанар ШОРТАНБАЕВА,

ст.препод. кафедры
теплофизики и технической
физики
Акылкерей САРВАРОВ,
PhD-докторант

Ғалым мұрасын қалай қолданып жүрміз?



ғана құрметтеу бар да, таза ғылыммен айналысқан тұлғаларды бағалау жағы кемшін түсіп жатады. Өмірден өткен соң, елеусіз қалған талай қарапайым ғалымдарды білеміз. Ал жазғандары ғылым үшін соншалықты маңызды емес, бірақ жоғары қызметтегі адам болғаны үшін ғана еңбектері жер-көкке сыйғызбай мақталатын, ал том-том болып жарық көрген сол кітаптарды оқысаң, «тау толғатып, тышқан туды» дегеннің қолы келіп шығады. Әсіресе кеңес дәуірінде сөзі көп, ойы жоқ шығармалар көп болды ғой.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғ. басында Қазақстанда өмір сүрген бірегей ғалым С.Жақыповтың психологиялық мұрасы отандық психологияның маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Алайда С.Жақыповтың психологиялық идеялары, көзқарасы мен концепциялары ғалымдар тарапынан толыққанды зерттелген жоқ. Қазіргі докторанттар тарихи-психологиялық зерттеу тақырыптарымен айналысуды қойды десе де болады. Өйткені психология ғылымындағы бүгінгі үстем парадигма гуманитарлық бағытқа жақын тарихи-ғылыми зерттеулерді көп мойындамайды. Қазіргі психологтар ондай зерттеулерге менсінбей қарайды. Сондықтан дәстүр үзілу алдында тұр. Тек мерейтой аясында ғана мақалалар мен естеліктер жазылып жатыр.

Тіпті психология пәні оқулықтары мен оқу құралдарында Сатыбалды Жақыповтың еңбектері мен көзқарасы жеткілікті көрініс таппай келеді.

Біздің еліміз жоғары білікті мамандарды, ғалымдарды даярлауда толықтай батыстық жүйеге көшсе де, қазақстандық контент (мазмұн) назардан тыс қалмауы керек. Көрістер мен үнді, қытай халықтары сияқты индигендік, төлтума психология жасай алмасақта, ұлты қазақ психологтарының құнды шығармаларын көпке танымал ету қолдан келетін іс болар деген ойдамын. Әсіресе отандық психологтардың мұрасын зерттеу ісі және өзіміздің ғылыми өнімдерді, әсіресе төлтума гуманитарлық интеллектуалдық өнімді жасаушылардың жұмыстары зерттелінуі тиіс. Психология тарихындағы социентристер айтқандай, локалды шындық ескерілуі керек. Өйткені жергілікті ғалымдардың өмірбаяны, ғылыми қызметі өзімізден басқа ешкімге керек емес. Демек, өз тарихымызды өзіміз жазып, насихаттағанымыз абзал. Бұл тұрғыда біз еврей ұлтынан үлгі алуға тиіспіз. Википедияны оқысаң, психология саласын тек солар ғана дамытқан-дай әсер аласың. «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңілер» деген ата-бабамыздың ұлағатты сөзі бар. Отандық психология саласындағы нағыз ғалымдарды қалың көпшілікке таныту – ғылым тарихшыларының маңызды міндеті. Олардың мұраларын талдауға арналған іргелі зерттеулер, ізденістер жолға қойылуы тиіс. Бұл өскелең ұрпақ бойында, біріншіден, отансүйгіштікті қалыптастырады, екіншіден, ұлттық игілікке айналған ғылыми еңбектерге деген заңды мақтаныш сезімін оятады. Бізде еш ұялмай айтуға тұратындай артында туынды қалдырған ғалымдарымыз жоқ емес, көп.

Жарас СЕЙІТНҰР,

психология ғылымының кандидаты,
Жалпы және қолданбалы психология
кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстандық ғалым әйелдер мен қыздар БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын орындауда, еліміздегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде белсенді қызмет атқаруда. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әйел ғалымдардың алатын орны ерекше. Қазіргі уақытта университетте табысты еңбек етіп жүрген 2475 оқытушы-профессордың 1772-сі әйелдер және олар білім ордасындағы жалпы ғалымдар санының 71 пайызын құрайды.

Ізденімпаз



Ғылым саласы – күрделі әрі үздіксіз ізденісті, шыдамдылық пен қажыр-қайратты талап ететін өте күрделі жол. Оның ішінде тірі ағзаларды және олардың тіршілік ету үдерістерін зерттейтін биология ғылымының орны ерекше. Ғылыми зерттеудің қиындығына қарамастан, еліміздің жоғары оқу орындарының ғалымдары өз саласына бар өмірін арнап, осы жолда еңбек етіп келеді.

Солардың бірі – биология және биотехнология факультеті Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры, биология ғылымының кандидаты Зура Есімсейітова. Ол аталған факультетте жарты ғасырға жуық, яғни аттай 44 жыл бойы қызмет етіп келеді. Осы жылдар ішінде Зура Бүркітқызы факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, деканның ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары сияқты бірнеше лауазымды қызметтер атқарды. Зура Бүркітқызы өзінің ғылыми жобаларында эволюциялық және экологиялық морфология бойынша белсенді зерттеулер жүргізген және соның нәтижесінде жүздеген ғылыми мақалалар мен монография, оқу-әдістемелік құралдарын жазды.

Зура Есімсейітова ғылым және білім саласындағы үздік жұмыстарының нәтижесінде 2012 және 2024 жылдары «ЖОО-ның ең үздік оқытушысы» атағын алды. Ресейдің Мәскеу жаратылыстану академиясының шешімімен «Жаратылыстану академиясының профессоры» және «Білім және ғылым саласының еңбек сіңірген қызметкері» болды. «Еуропа алтын алқа медалімен» және «Еуропа ғылыми-өндірістік палатасының қызметіндегі ең үздік» дипломымен, 2021 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, 2024 жылы профессор атағын алды. Бұл жетістіктердің артында ғалымның жылдар бойы жасаған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен шығармашылық ізденісі жатыр.

Зура Бүркітқызы тек ғалым ғана емес, сонымен қатар кафедрамыздың белді ұстаздарының бірі. Шәкірттері мен әріптестерінің ортасында өзінің адамгершілігімен зор құрметке ие және кәсіби білігі мен табандылығы көпке үлгі болатын жан.

Қазіргі кезде артынан ерген шәкірттері де ізін жалғап, түрлі ғылыми жобаларда жауапты қызмет атқарып, биік белестерді бағындырып жүргенін мақтанышпен айтамыз.

Сандуғаш МАНКИБАЕВА, Әйгерім АЙСАБАЕВА,

Биоалуантүрлілік және биоресурстар
кафедрасының оқытушылары

Кез келген ғылым саласының қалыпты дамуы оның өткен тарихын зерттеуге қаншалықты көңіл бөлуіне байланысты болып келеді. Сондықтан ғылым тарихын оқытуға ерекше мән берген жөн. Психология тарихшысы М.Ярошевскийдің жазғанындай, «Тарих – бұл ғылымның жады». Өйткені психология тарихы өзінің тарихи даму барысында жинаған барлық құнды дүниелерді зерттеп сақтауға, құнттап қалпына келтіруге және кейінгі буынға беруге тырысады. Сондай-ақ ғылым тарихы психология ғылымының өткені мен бүгінгі жай-күйіне объективті баға беруге мүмкіндік береді.

Қазақстанның психология ғылымы тарихында сирек болса да, алатын орны ерекше ғалымдарымыз баршылық. Соның бірі әрі бірегейі, биыл тірі болса, жасы 75-ке келетін, еліміздегі психология ғылымының дамуына аса зор үлес қосқан Сатыбалды Жақыпов (1950-2014) еді. Ол кісінің үлесі туралы университет қабырғасында өткен халықаралық конференцияда егжей-тегжейлі айтылды. Біз бұл жерде ол кісінің ғылыми мұрасына қатысты өз көзқарасымызды білдіргіміз келеді. Ұлт психологтарының интеллектуалдық ойлауы мен санасын жоғары сатыға көтеріп кеткен ғалымның мұрасын орынды пайдалана білу қажет. Оларды зерделеу, кейінгі ұрпаққа жеткізу, әсіресе ғылыми айналымнан үнемі шығармау өте маңызды міндет. С.Жақыпов еңбектерінің мәніне терең енбей, тек атүсті, формалды түрде мерейтойларда атап өту еш пайда бермейді. Ғалымның өз терминологиясы тілімен айтсақ, ол ғалымдардың жаңа буыны үшін де «мағына құрушы жалпы қорға» айналуы тиіс. Нағыз құнды білім атақты ойшылдар М.Бахтин мен Л.Выготский, М.Мамардашвили және психолог В.Зинченко негіздеп берген «жанды білім» болуы тиіс. Өйткені қазақ ғалымы С.Жақыповтың еңбектерінде идея да, концепция да, зерттеу үлгілері мен әдіснама да бар. Өкінішке қарай, бізде тек билікте, жоғары лауазымда болған адамдарды

Білім беру мен өндіріс арасындағы интеграция жоғары оқу орындарының өнеркәсіптік кешендермен өзара әрекеттестігінің негізгі түрі болуы қажет. Жаңа сапалық деңгейде жүзеге асырылатын бұл интеграция салалық министрліктер және ведомстволармен байланыстарды дамытудың негізіне айналуы тиіс.

Интеграцияның басты мақсаттарына мыналар жатады:

- университеттердің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін нақты пайдалану;
- шағын сериялы және аз көлемді ғылымды қажетсінетін өнім өндіру;
- кадрлық қамтамасыз етілген инжинирингтік жүйелерді құру;
- университеттердің материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын нығайту.

Университеттер базасында құрылған инженерлік және ғылыми-техникалық орталықтармен қатар, ғылыми-өндірістік бірлестіктердің оқу-ғылыми орталықтары, бірлескен эксперименттік өндірістер, шетелдік серіктестердің қатысуымен жұмыс істейтін кәсіпорындар, жобалау бюролары, ғылыми-консультациялық пункттер және бірегей жабдықтар мен өндірістік қуаттарды бірігіп пайдалану жүйелері дамытылғаны жөн.

Ғылым, білім және бизнесті біріктіру арқылы зерттеу университетіне трансформацияны жеделдетудің маңызды факторларының бірі – әрбір оқытушы мен зерттеушінің бұл үдеріске белсенді

Білім беру мен өндіріс интеграциясы



қатысуы. Бұл бағытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бірқатар нәтижелі тәжірибелер жинақталған.

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының ішіндегі №4 бағыт – «Баршаға сапалы білім беру» аясында химия және химиялық технология факультетінің Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасында магистратура деңгейінде бірнеше пән инновациялық форматта оқытылады. Оларға мыналар жатады:

- «Полимерлік фосфаттар негізіндегі бейорганикалық материалдарды синтездеудің заманауи технологиялары»;
- «Табиғи алюмосиликаттарды модификациялау технологиясының негіздері»;
- «Бейорганикалық материалдардың механо-химиясы».

Бұл пәндер ғылыми мини-жобалар

құрастыру арқылы оқытылады. Магистранттар:

- халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттер мен патенттерді іздестіреді;
- зертханалық эксперименттер жүргізіп, материалдық баланс пен экономикалық есептер жасайды;
- шарлы және планетарлық диірмендер, фотокалориметр секілді қазіргі заманғы зерттеу құралдарымен танысады.

Курстың қорытынды кезеңінде әр студент өз жобасын қорғап шығады. Мұндай тәсіл ғылымды қажет ететін технологиялардың артықшылықтарын түсінуге, оларды шағын өндірістерге енгізудің нақты жолдарын ұғынуға мүмкіндік береді.

Білім, ғылым және өндірістің интеграциясы зерттеу университеттері дамуының басты бағытына айналуы тиіс. Оқу процесіне ғылым мен практиканы біріктіре отырып, жоғары оқу орындары бәсекеге қабілетті кадрлар даярлап қана қоймай, елдің инновациялық дамуына да нақты үлес қоса алады. Магистранттардың ғылыми-зерттеу қызметіне ерте араласуы олардың кәсіби дағдыларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады және Қазақстандағы білім мен бизнесті біріктірудің тиімді үлгісі бола алады.

Бейқұт БАЛҒЫШЕВА,

Жалпы және бейорганикалық
химия кафедрасының доценті, х.ғ.д.

АЛТЫН ҰЯ

Филология факультетінің Түркітану және тіл теориясы кафедрасында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мерейтойына орай, «Қазақстан – алтын ұя» атты елімізде өмір сүріп жатқан түркі халықтары өкілдерінің студенттерімен кездесу болып өтті. Кездесуге Шымкент қаласы мен Сайрам өңіріндегі өзбек мәдени орталықтарының басшылары мен ақындары арнайы келіп қатысты.



«Қозоғистондаги ўзбек адабиёти бугунги кунда», ақын Мохид Юлдашева Шәкерім Құдайбердиевтің «Уч аниқ – уч ҳақиқат», қазақ тілі пәні оқытушысы, аудармашы Лобар Юлдашева «Қазақстан – өзбек әдебиетінде» тақырыпта-рында баяндама жасады.

Кездесу барысында қонақтарымыз қазақ жеріндегі өзбек ағайындардың ғылымы, білімі, әдеби және мәдени тыныс-тіршілігі төңірегінде ой өрбітті. Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстандағы түркі халықтары шығармаларын ежелгі түркі

поэзиясындағы түркілік сарынды қазақ жерінде жалғастырып келе жатқан рухани құндылық ретінде дәріптей отырып, еліміздің ұлттық «Мәңгілік ел» идеологиясының насихатталуы сараланды. Басқосу соңында өзбек ақындары әсем жырларын оқып, студенттеріміз өз кезегінде жыр жолдарын арнап, күй тартып, өзбекше, қазақша ән шырқады.

Шолпан ҚҰДЬЯРОВА,
Шынарай БҮРКІТБАЕВА,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының оқытушылары

Әбу Насыр әл-Фараби - 1155



Адам ғұмыр бойы орындаған әрбір іс-әрекетінде көркемдікті таңдауы қажет.

Эйфель стипендиясына ие болды

Механика-математика факультеті Механика кафедрасында жүзеге асырылатын «7M05405 – Механика және энергетика» қосдипломды білім беру бағдарламасының магистранттары Елизавета Карлина (1-курс) мен Назерке Момыш (2-курс) «France Excellence Eiffel Scholarship Program 2025» лауреаттары атанып, Эйфель стипендиясына ие болды.



Францияның Сыртқы істер және халықаралық даму министрлігі қолдайтын «The Eiffel Excellence Scholarship Program 2025» бағдарламасының нәтижелері белгілі болды. Әлемнің түкпір-түкпірінен қатысатын байқаудың нәтижесі бойынша магистратура мен PhD деңгейі бойынша 350 студент Эйфель стипендиясының лауреаттары атанды.

Назерке Момыш Эйфель стипендиялық бағдарламасы бойынша Қазақстаннан алғашқылардың бірі болып PhD грантын жеңсе, Елизавета Карлина магистратура грантын иеленді. Докторлық бағдарлама бойынша байқауға қатысқан сегіз қатысушының екеуі ғана байқаудан өткен. Соның бірі – біздің Назерке Момыш. Ал магистратура бағдарламасы бойынша байқауға Францияның LEMTA ғылыми-зерттеу лабораториясы атынан қатысқан 17 қатысушының 8-і байқаудан өткен. Оның бірі – біздің Елизавета Карлина. Бұл өте үлкен жетістік.

Айта кетсек, 2024 жылы Қазақстаннан алғаш рет Эйфель стипендиялық бағдарламасы бойынша магистратура грантын Механика кафедрасының 1-курс магистранты Алина Абдидин иеленген болатын.

Эйфель стипендиялық бағдарламасы Францияның Еуропа және

сыртқы істер министрлігінің магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша француз оқу орындарына үздік шетелдік студенттерді тартуға арналған халықаралық бағдарлама болып саналады.

Аталған бағдарлама магистранттарды ай сайын 1250 евро көлеміндегі стипендиямен қамтамасыз етсе, докторанттардың ай сайынғы стипендиясы 1800 евроны құрайды.

Стипендия иегерлері Назерке Момыш пен Елизавета Карлина ҚазҰУ профессоры Ержан Беляев және Францияның Лотарингия университетінің профессоры Оливье Ботелланың жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырады деп жоспарланады.

Динара ТУРАЛИНА,
Механика кафедрасының аға оқытушысы

Көктемгі мектеп жұмысын сәтті аяқтады

Фараби кітапханасында философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, Халықаралық ислам ойы институты (IIIT) мен Білім интеграциясы институтының (IKI) бірлесе ұйымдастыруымен «Қазіргі замандағы ислам мұрасы» атты халықаралық көктемгі мектеп өтті. Аталған шара «Сапалы білім беру», «Гендерлік теңдік», «Тұрақты даму үшін серіктестік» тұрақты даму мақсаттарын қамтиды.

Халықаралық көктемгі мектеп көрмесіне кафедра профессорлары мен оқытушылары жариялаған монографиялар, гранттық жобалар аясында жарық көрген еңбектер және отандық ғалымдардың ислам зерттеулері бойынша еңбектері қойылды.

Шақырылған спикерлердің барлығы жоғары кәсіби білімге ие профессорлар. Отандық ғалымдар – филол. ғ.д., профессорлар К.Бегалинова, Қ.Борбасова, шетелдік спикерлер – Орта Шығыс және Ислам елдері институты, Мармара университетінің профессоры Равза Алтунташ-Чакир (Түркия), Ланкастер университетінің профессоры Шуруқ Нағиб (Ұлыбритания), Білім интеграциясы институтының директоры

Гапур Озиев (Грузия), Мармара университеті теология факультетінің профессоры Сүлейман Дерин, Босфор университеті Батыс тілдері мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры Нағихан Халил-оғлу, Ыстамбұл мәдениеті университеті Экономика кафедрасының қауымдастырылған профессоры Иса Йылмаз (Түркия) соңғы зерттеулері бойынша мазмұнды дәрістер оқыды.

Жиында жаһандану кезіндегі саясат, экономика, психология, цифрландыру саласындағы жаңа үрдістермен исламның қатар жүруі, Құрандағы гендерлік мәселелер, фәлсафа және сопылықтағы ислам мұрасы, исламның интеграциялық және дезинтеграциялық қызметі сынды

бүгінгі күні өзекті саналатын тақырыптар бойынша жан-жақты зерттеулерге толы баяндамалар жасалды.

Қатысушылар мен спикерлер арасында қызу пікір алмасулар болды. ҚазҰУ студенттері мен оқытушыларынан бөлек, көктемгі мектепке шетелдік қонақтар да қатысты. Мысалы, Италия, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Грузия елдерінен онлайн және офлайн форматта тыңдармандар жиналды. Қатысудың гибридті форматы қарастырылғандықтан, тыңдаушылар аудиториясын кеңейтуге мүмкіндік туды.

Көктемгі мектептің аяқталу рәсімінде спикерлер мен қатысушыларға сертификаттар табысталды. Осылайша бір аптаға созылған «Қазіргі замандағы ислам мұрасы» халықаралық көктемгі мектебінің жұмысы оң нәтижелерге толы болды.

Мира БАЛТЫМОВА,
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Назерке ЕЛЕУСІЗБАЕВА,
докторант

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басыла, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.